

**Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған»
бөбекжай -балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**

Қамқоршылық кеңес жұмысының

Хаттамасы № 1

Құмкент ауылы

30 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқандар: балабақшаның қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша
әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау. Нормалық талапқа сай сапалы, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және бақылауға алу;
2. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін қарастыру.
3. Балабақша ғимаратының қыс мезгіліне дайындығы.
4. Қамқорлыққа алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, педагогтармен бірлескен жұмыс.

Тыңдалды:

1. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Сейітқасымов: Балабақшадағы тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін оларға талапқа сай сапалы, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және бақылауға алу мәселесі туралы айтып өтті. Ол үшін медбике ас мәзірін құрастырған кезде негізгі қағидаларды ескеруі қажет:

2. Балабақша әдіскері О.Татимова:

2022 - 2023 оқу жылына арналған әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етілу үшін Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатын алдық. Осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып жыл бойына жұмыс жасаймыз. Қазіргі таңда балабақшамызда топтарды бес білім саласымен толықтыру үшін орталықтардың қажетті материалдардың аздығын алға тартты. Ол баланың толыққанды дамуы мен ой санасының өсуіне ықпал ететіндігін айтып өтті.

3. Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Сейітқасымов: балабақша ғимаратының қысқа дайындығы туралы сөз етті. Балабақшаға биылғы жылға осы таңға дейін көмірдің түсірілгендігіне көз жеткізгендігін сөз етті.

4. Балабақша психологі Г.Абдуллаева:

Балабақшадағы тәрбиеленуші балалар бойынша сәтсіз отбасынан шыққан балалар жоқ екендігін, алайда өкінішке орай, қамқорлыққа алынған балалардың бар екендігін атап өтті. Олар: Әшімұхан Айдына Нұрболқызы

Әшімхан Нұрғасы Нұрболұлы Қазіргі таңда атасы мен әжесінің қамқорлығында. Жартылай жетім балалар бар. Олар Әшімхан Асылай Айдарқызы. Әшімхан Шерхан Айдарұлы Қазіргі таңда әкесінің қарауында. Қалған барлық балалар толыққанды отбасыдан шыққан. Балалар топта өздерін еркін сезінеді, ортамен жақсы араласа алады. Жалпы мінез-құлықтарында ешқандай өзгеріс жоқ.

Шешім етті:

1. Балабақшада тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау назарға алынсын.
2. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылына әдістемелік құралдармен, ресурстармен қамтамасыз етілуін қарастыру мәселесі бойынша кәсіпкерлер арасынан демеушілікке тарту, комиссия мүшесі М.Төребесковке тапсырылсын.
3. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығы жүргізілуі балабақшаның шаруашылық меңгерушісі бақылауға алсын.
4. Қамқорлыққа алынған және жартылай жетім балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, педагогтармен бірлескен жұмыс сапасын көрсету балабақша әкімшілігі назарда ұстасын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Б.Сейітқасымов

Кеңестің хатшысы:



Г.Абдуллаева

**Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған»
бөбекжай - балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**

Қамқоршылық кеңес жұмысының

Хаттамасы № 2

Құмкент ауылы

26 желтоқсан 2022 жыл

Қатысқандар: балабақшаның қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша
әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның шаруашылық-қаржылық қызмет туралы 1
жартыжылдық есебі
2. Топтардың санитарлық жағдайын бақылау.
3. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата - аналардың қатысуын
ұйымдастыру.
4. Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Т.Бимырзаева:

Жоспар бойынша кезекті күн тәртібімен таныстырды. Балабақшаның шаруашылық-қаржылық қызмет туралы 1 жартыжылдық есебімен таныстырып өтті.

2. Балабақша шаруашылық меңгерушісі: Екінші мәселе бойынша топтардың санитарлық жағдайы туралы айтып өтті. Ылғалды жинау күнде жүргізіледі. Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады екен. Төсек кравоттары орнынан қозғалта отырып жуылыпты. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртілген. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар жуылады. Әжетхана тазалығы : кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылады. Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шаяды. Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта тугел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады - деп қорытынды жасады.

3. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Сейітқасымов үшінші мәселеге тоқталды. Қыстың енді басталуына байланысты әлі қар молынан жауған жоқ. Алайда алдағы айларды қыс мезгілі болғандықтан қар жауған уақытта балабақшаның ауласын қардан тазалауға ата – аналар белсене қатысады деп ойлаймын. Өйткені осы қамқоршылық кеңес мүшелерінің біршамасы осы балабақшаның ата – аналары. Балалары осы балабақшаға келеді. Бұл жағдай

4. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Сейітқасымов төртінші мәселеге тоқталды. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын сәйкес алдағы уақытта балабақшада «Ашық есік күнін» ұйымдастыру және өткізу керектігін сөз етті. Ашық есік күнінің мақсаты: ата - аналарға бала тәрбиесінде көмек беріп әрі балабақша жұмыс ретімен танысуға мүмкіндік беру. Балабақшаның, топтың 1 күндік тынысымен танысу. Ашық есік күні оқу - тәрбие процесін, күн тәртібіндегі барлық оқыту - тәрбиелеу процестеріне қатысып, қадағалайды. Ашық есік күні өздерінің бос уақыттарына сәйкес келуіне мүмкіндік алады, балаларының дамуы бойынша сұрақтарына жауаптарын алады. Қамқоршылық кеңестің балабақшаға ықпалын көреді.

Шешім етті:


1. Балабақшаның шаруашылық-қаржылық қызмет туралы 1 жартыжылдық есебі назарға алынсын.
- 2.Топтардың санитарлық жағдайын бақылау назарға алынсын.
3. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға балабақша ұжымымен қатар ата - аналардың қатысуын ұйымдастыру.
4. Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізуді қамқоршылық кеңестің мүшелеріне тапсырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Б.Сейітқасымов

Кеңестің хатшысы:



Г.Абдуллаева

**Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған»
бөбекжай - балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**

Қамқоршылық кеңес жұмысының

Хаттамасы № 3

Құмкент ауылы

06 наурыз 2023 жыл

Қатысқандар: балабақшаның қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша
әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Наурыз мейрамдарына орай іс-шаралар ұйымдастыру және өткізуге көмектесу.
2. Жұмыстағы жетістіктері үшін мекеме қызметкерлері қатарынан марапаттау кандидаттарын қарау.

Тыңдалды:

1. Балабақша әдіскері О.Татимова:

2022-2023 оқу жылында наурыз мерекелеріне орай балабақшада 8-наурыз Аналар мерекесіне орай топтарда ертеңгіліктердің мен 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекесіне орай ұлттық ойындардан топтық сайыстар жоспарланғанын айтып өтті. Бұл мерекелік іс-шаралардың әр топта өз жас ерекшеліктеріне қарай өтілетінін және нақты мерзімін көрсетті.

2.Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Т.Бимырзаева: Қызметкерлерінің арасынан көп жылдық іс-тәжірибесі бар қызметкерлерді марапаттау үшін өзінің ұсынысын айтты. Ол ұсыныс ішінде тәрбиеші Г.Терискенбаева мен Г.Еркінбековалар бар екендігін атап өтті. Бірнеше жылғы еңбектері мен осы саланың дамуына қосқан үлестері үшін әбден лайықты екендіктерін атап өтті.

2.Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Сейіткасымов:

Наурыз айы орны ортаймас орны бар мерекелерге толы екендігін атай келіп, спорт ойын түрлерін жандандыру мақсатында балабақшаға спорттық доптар мен кеглилерге қамтамасыз ету үшін демеуші іздеп, балабақша ата-аналарымен байланысып жекелеген көмектер көрсетуге ықпал ететіндігін тілге тиек етті.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Б.Сейіткасымов: өзінің және кеңес мүшелерінің атынан кандидатурасы ұсынылған қызметкерлерді марапаттау үшін жұмыстар жүргізетіндігін, ешқандай қараусыз қалмайтындығын айта отырып, бұл ұсынысты комиссия мүшелерінің қолдайтындығына сенім білдірді.

Шешім етті:

1. Мерекелік іс-шаралардың өз дәрежесінде, баланың жасына сай өткізілуі үшін спорттық жабдықтармен, құралдармен толықтыру жұмыстарын жүргізу назарға алынсын.
2. Өз жұмысының озық тәжірибе иелерін зор үлестері үшін марапаттау жұмыстары осы айдың ішінде орындалуға жіберілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Б.Сейітқасымов

Кеңестің хатшысы:



Г.Абдуллаева

**Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдырған»
бөбекжай - балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**

Қамқоршылық кеңес жұмысының

Хаттамасы № 4

Құмкент ауылы

29 мамыр 2023 жыл

Қатысқандар: балабақшаның қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша
әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Жазғы демалысты ұйымдастыру.
2. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жаңа оқу жылына дайындығы
3. Балаларды қорғау күніне арналған мерекені ұйымдастыру және өткізу.
4. Атқарылған жұмыстардың жылдық есебі. Келесі жылдық жоспарын міндеттемелері.
5. Жаз мезгіліне топтарды және учаскелерді косметикалық жөндеу туралы жұмыстарды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі Т.Бимырзаева:

Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; Жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу; Жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; Жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру;

Қызметкерлерге нұсқау өткізу. Балаларға нұсқау өткізу жоспарланғандығын айтып өтті.

2. Балабақша шаруашылық меңгерушісі А.Маханова: 2023-2024 оқу жылына балабақша топтары мен балабақша аудласын дайындау үшін жаз айларында тиісті жұмыстардың атқарылатындығы туралы жоспарларымен таныстырып өтті.

3. Балабақша әдіскері О.Татимова:

Балаларды қорғау күні мерекесіне орай іс-шара жоспары жасалғаныны, дайындықтардың жүргізіліп жатқандығы жөнінде ақпар берді.

4. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Сейітқасымов төртінші мәселе бойынша жылдық міндеттерге сай жұмыстардың қорытынды есебін оқыды. Осы жүргізілген жұмыстарға сәйкес келесі оқу жылының қамқоршылық кеңес жиналысына мақсат міндеттердің жобасын ұсынды.

5. Балабақша шаруашылық меңгерушісі А.Маханова: Жаз мезгіліне топтарды және учаскелерді косметикалық жөндеу туралы жұмыстарды ұйымдастыру үшін жүргізілетін жұмыстармен тағы да бір рет таныстырып өтті. Олар: құм әкелу; жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; ойын алаңдарын дайындау; жаздық шатырларды тазалау, әрлеу, спорт алаңдарын дайындау; құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру; қауіпсіздігін тексеру сияқты жұмыстарды жүргізу.

Шешім етті:

- 1 Жазғы сауықтыру айларындағы балалардың демалысты ұйымдастыру жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілу керек.
2. 2023-2024 оқу жылына дайындық жаз айларында жүргізілсін.
3. Балаларды қорғау күніне арналған мерекені ұйымдастыру және өткізу балабақша әдіскері О.Татимоваға тапсырылсын.
4. Атқарылған жұмыстардың қорытындысы назарға алынсын.
5. Жаз мезгіліне топтарды және учаскелерді косметикалық жөндеу туралы жұмыстарды ұйымдастыру жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



Б.Сейітқасымов

Кенестің хатшысы:



Г.Абдуллаева